

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2022 жылғы 15 қыркүйектегі № 94
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2022 жылы 23
қыркүйекте № 36902 болып
тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

**«Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық
көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24
наурыздағы № ҚР- ДСМ-27 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:


1. «Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР-ДСМ-27 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27218 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартында:

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Стационарлар құрамындағы балалар бөлімшелерінің және (немесе) көпбейінді балалар стационарларының пациенттеріне ойын ойнауға, демалуға жағдай жасалады.

Мектеп жасындағы балалар ұзақ уақыт болған кезде «Мектеп жасындағы балалардың стационар жағдайында мамандандырылған медициналық көмек, медициналық оңалту, сондай-ақ паллиативтік медициналық көмек алу кезеңінде үздіксіз білім беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-296 /2020 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 533 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21864 болып тіркелген) сәйкес үздіксіз білім алу үшін жағдайлар жасалады.

Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтер келіп түскен кезде оларды анықталған жері бойынша стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына үш тәулікке дейінгі мерзімге орналастыруды қамтамасыз етеді.».

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ана мен бала денсаулығын сақтау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі **А. Альназарова**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі